**Мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2020 жылға арналған тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 302 қаулысы.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 216-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының ҮкіметіҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2020 жылға арналған тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *А. Мамин*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 18 мамырдағы
№ 302 қаулысымен
бекітілген

## Мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2020 жылға арналған тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.10.2020 № 706 қаулысымен.

| Р/с № | Жобаның атауы | Жобаның жалпы құны (мың теңге) | Іске асыру кезеңі (жылдар) | Мемлекеттік кепілдіктің мөлшері | Қарыз алушы | Әлеуетті қарыз беруші |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ұзындығы 459 км "Ресей Федерациясы шекарасының шекарасы (Орскіге) – Ақтөбе – Атырау – Ресей Федерациясы шекарасының (Астраханьға)" ("Мақат – Ақтөбе" учаскесі) автомобиль жолын, оның ішінде 11-100 км "Ақтөбе – Қандыағаш" учаскесін реконструкциялау | 72 756 652,7 мың теңге | 2020 – 2022 | 64 025 854,4 мың теңгеге дейін | "ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы | Азия Даму Банкі |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Азия |
| 2 | "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі " акционерлік қоғамына мемлекеттік кепілдікпен Азия Даму Банкінің (АДБ) қарыз қаражаты есебінен алдын ала тұрғын үй қарыздарын беру (тұрғын үйді қаржыландыруда гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге жәрдемдесу жөніндегі жоба) | 38000000 мың теңге | 2020 - 2030 | 38000000 мың теңге | " Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Даму Банкі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК